Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының
білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесі Қызылқайым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**
**өзін-өзі бағалауының**

# ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қызылқайым ауылы
2023 жыл

**«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал аудындық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының қорытынды**

**АНЫҚТАМАСЫ**

**Бақылау түрі:** өзін-өзі бағалау.

**Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдедегі бұйрығы.

**Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:**

| | |
|---|---|
| Ерубаева Акбаян Қайырбекқызы | мектеп директоры |
| Дюсембекова Алмагүл | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары; |
| Баигужина Сауле Мелісқызы | мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; |
| Нұржасаров Қанат Шағырұлы | кәсіподақ төрағасы |
| Естаев Темірбай Теміржанұлы | мектеп психологы |

**Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп, сарапталды:**

1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2) оқу және оқыту;
3) білікті қызметкерлердің болуы;
4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) мектептің материалдық-техникалық базасы.

**«Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.**

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

- БСН 061240006881 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 22 қаңтарында берілген.
- Заңды мекен-жайы: 020700, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Үлгі а.о. Қызылұйым ауылы, Орталық

көшесі-8 . Электрондық мекен-жайы: qyzyluiymnegizgimektebi@mail.kz Телефон: 8 (71639) 3-02-76.

- Мектептің техникалық паспорты 2006 жылы 31 шілделе жасалған, қабат саны-1, құрылыс ауданы- 203.7, ғимараттың көлемі -601, салынған жылы-1991 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).
- «Қызылүйым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 22.01.2021 жылы тіркеліп, Ақмола облысының әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №А-1/3 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);
- «Қызылүйым ауылының негізгі орта мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақмола облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақмола облысының әкімдігі».
- Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ОАМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.
- Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 ақпан 2021 жылғы №KZ13LAA00022762, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).
- Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің мөрі бар.
- «Қызылүйым ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Мектепішілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Мектеп директоры Ерубаева Ақбаян Қайырбекқызы 2007 жылы 15 қаңтарда Еңбекшілдер аудандық білім бөлімінің №4/1 бұйрығымен Қызылүйым ауылының негізгі орта мектебінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Мектепте 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың бағдарламасы жоспарланған.

Бағдарламаның іске асыру 3 кезеңнен тұрады:

**I кезең-2020-2021 жж.**

Білім саласын дамыту бойынша негізгі шараларды іске асыру және білім беруді дамытудынбасты міндеттерін қамтамасыз ететін кіші бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың аясында МТБ-ны жаңалай отырып, жақсарту;

**II кезең-2021-2022 жж.**

- Білім беру жүйесін дамытудың инновациялық бағытын қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру;

- Жаңа білім беру бағдарламалары мен технологияларын енгізу;

- Мектепте білім беру жүйесіне қосымша ресурстарды тартуға жағдай жасау.

**III кезең – 2023-2025 жж.**

Мектептің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыру, жұмыс нәтижелерін жалпылау.

Мектептің өзекті мәселесі үш жылға арналған. Өзекті мәселе:«Жаңа технологияларды пайдалану арқылы саналы тәрбие, сапалы білім бере отырып, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру».

**Мектептің өзекті мәселесі бойынша алға қойылған міндеттері:**

- ҚР жалпыға бірдей білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын оқушыларға меңгерту;
- Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және мәдени, сауықтыру және спортқа деген мүмкіндіктерін анықтап, дамыту;
- Отандық және жахандық мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен басқа да халықтарының тарихи әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді және үш тілді саясатты меңгерту;
- Оқушыларға жан-жақты талаптарға сай сапалы білім беру;
- Салауатты өмір ұстанымдарын дамыту,интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау;
- Оқушыларды ұлтжандылыққа,елжандылыққа,ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу.

Істер номенклатурасы: «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі» ММ 12.05.2021 жылғы №06-05/66 бұйрығына сәйкес жасалған.

**2.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарының»;

3. Ақмола облысының білім басқармасының 2021 жылғы «12» мамыр күні сараптау комиссиясының хаттамасымен келісілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, жалпы білім беретін мекемелер қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» негізінде құрастырылды.

Білім мекемесінің іс қағаздары:

01 - Басшылық және бақылау
02 – Оқу бөлімі
03 – Кадрлармен жұмыс
04 – Оқушылармен жұмыс
05 – Оқу-әдістемелік бөлімі
06 – Оқу-тәрбие бөлімі
07 - Кітапхана
08 – Кәсіподақ ұйымы
09 - Шаруашылық бөлімі
10 - Мемлекеттік қызметтер

Өзін-өзі бағалау кезінде мектептегі құжаттар номенклатурадағы құжаттар ретімен сәйкес келеді.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Заңының 5-бабының 34-1 тармақшасы негізінде «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Заңының 5-бабы 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкесҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» №192 бұйрығын орындау мақсатында мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

құрамы мектеп директорының 2020 жылы 16 қыркүйек №18 бұйрығымен 3 жылға құрылды. Кеңес құрамы 5 адамнан тұрады.

<u>Өзін-өзі бағалау тексеру парағы:</u>

**1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері коса беріледі);**

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған **жұмыс жоспарларымен** анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

**<u>2022-2023 оқу жылында</u>**

***Мақсаты:*** білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

*Міндеттер:*

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру.
2. Білім алушылардың білімін толықтыру.
3. Оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру.
4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.
5. Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
6. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын жақсарту .
7. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру.

Оқушыларымыз шығармашылық және интеллектуалдық конкурстардан жеткілікті орындарға ие болды. Негізгі математика, қазақ тілі,жаратылыстану пәндері бойынша өткен «Ақ бота» ителлектуалды марафонына қатысып, 2 оқушы I дәрежелі, 2 оқушы II дәрежелі дипломның иегерлері атанды. Кенгуру –математика халықаралық зияткерлік конкурсына қатысып, 5-сынып оқушысы Қадырбек Айғаным 1 орын, 3-сынып оқушылары Асанәлә мен Шыңғыс 2 орынға ие болды. Сондай ақ аудандық үстел теннисіне қатысып, 2 оқушы I орын, 2 оқушы II орын 1 оқушы III орынға ие болды

**2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері коса беріледі;**

2022-2023 жұмыс оқу жоспарлары тексерілді.

**2022-2023** оқу жылында ***1-4 сыныптар*** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- ***5-9 сыныптар*** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;

**3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;**

**2022-2023 оқу жылында** 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

**Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері** 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

**4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);**

**Тәрбие жұмысының мақсаты:** Оқушының дүниетанымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту арқылы оқу мен тәрбие жұмысысында жаңашыл іс-әрекетпен шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Қыңыңқұйым негізгі орта мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды.Тәрбие тұжырымдамасы негізінде жұмыс жалғастырылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8

тамыздағы № 345 Заңы;

5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІY Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;

7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі№ 319 Заңы;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

*Тәрбие жұмысының міндеттері:*

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету. жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның

өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- Рухани-танымдық тәрбие.
- Ұлттық тәрбие.
- Отбасылық тәрбие.
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**2022-2023 оқу жылдары бойынша жетістіктері:**

6- сынып оқушысы Кәдірбек Айғаным Кеңащы орта мектебінде ұйымдас -тырылған «Баянғали оқуларында» жүлделі ІІІ орынды иеленді, аудан көлемінде ұйымдастырылған «Менің Отаным-Қазақстан» атты суретшілер сайысында Тағыбек Асанәлі жүлделі 2- орынды жеңіп алды. 8 наурыз мерекесіне, ұлыстың ұлы күніне арналған мекрекесіне арналған аудандық мерекелік кеште өнер көрсеткен 2- сынып оқушылары мақтау қағазымен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Көркемөнерпаздар байқауында мектебіміздің бірнеше оқушылары қатысып, өз өнерлерін ортаға салып, Кәдірбек Айғаным облыстық көркемөнерпаздар байқауына қатысып, дипломмен марапатталды. Мектеп мұғалімдері де аудан көлемінде ұйымдас- тырылған іс-шараларға, сайыстарға қатысып, жоғары белестерден көрінді. Жылда ұйымдастырылатын «Екі жұлдыз» өлең айту сайысында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі –Быхылова Юлия мен бастауыш сынып мұғалімі-Теміржанова Ақерке ІІ орынды иеленді, т.б. жетістіктер баршылық.

Құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушыларды жұмыспен қамту, жұмысқа орналастыру, СӨС, ЖҚЖИ, ЖДП жұмысының жағдайы, мектеп құжаттамасын (журналдар, күнделіктер) жүргізу мәселелері ЖББМ жоспарына сәйкес директор жанындағы кеңесте қаралады, педагогикалық кеңестің отырыстарында мәселелер талқыланды.

Педагогикалық кеңестің отырыстарында "Жалпыға бірдей міндетті білім беруді ұйымдастыру» 1 сыныптарға оқушыларды жинақтау", "Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтылуы"(28.08.2021 ж).

Директор жанындағы кеңестерде келесі мәселелер қарастырылады: «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы анықтама "(тамыз.2021 ж).

«Сынып оқушыларының тізімін нақтылау және түзету», «Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс барысы»,оқушылардың сабақтан тыс кездегі қамтылуы, рейдтер жүргізу.(қыркүйек 2022 ж)

«Оқушылармен еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау бойынша ережелер мен кеңестердің уақытында жүргізілуін бақылау» «Оқушылардың сабаққа қатысуы» (қазан 2022 ж)

Тәрбие жұмысының мақсаты сынып жетекшілерінің шеберлігін арттыру арқылы тәрбие формалары мен әдістерін жетілдіру болып табылады.

Мақсатқа сүйене отырып, тәрбие қызметінің келесі міндеттері қойылды:

Тәрбие жұмысының психологиясы мен педагогикасы мәселелері бойынша сынып жетекшілерін даярлаудың теориялық, ғылыми әдістемелік деңгейін арттыру,сынып жетекшілердің ғылыми-әдістемелік инновациялық педагогикалық қызметке белсенділігін қосу;

Оқушыларды;-тәрбиелеуде бірыңғай қағидаттық ұстанымдарды қамтамасыз ету және орындау;

Сынып жетекшілерін заманауи білім беру технологияларымен және заманауижұмыс түрлері мен әдістерін білумен қаруландыру;

Сынып ұжымдарында тәрбие іс-шараларын жоспарлауды;

-ұйымдастыруды және педагогикалық талдауды үйлестіру

Сынып жетекшілерінің озық педагогикалық тәжірибесін зерттеу, жинақтау жәнетәжірибеде қолдану;

Сынып ұжымдарында тәрбие жұмысы жүйесін құруға және;

-дамытуға жәрдемдесу

Сынып жетекшілерінің өзін-өзі тәрбиелеу арқылы кәсіби;

-шеберлікті арттыруға деген ұмтылысын көтермелеу

Тәрбие процесінің жаңа педагогикалық технологияларын меңгеруде сыныпжетекшілеріне көмек көрсету; педагогтердің жеке қабілеттерін ескере отырып,олардың шығармашылық әлеуетін арттыру.

Мектептің тәрбие жүйесі сынып пен жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. Мектептің білім беру жүйесі бүкіл педагогикалық процесті қамтиды, оқу сабақтарын, балалардың сабақтан тыс өмірін, мектептен тыс әр түрлі іс-шаралар мен қарым-қатынастарды, әлеуметтік табиғи экологиялық ортаның әсерін, үнемі кеңейіп келе жатқан білім беру кеңістігін қамтиды.

Мектептің сынып жетекшілерінің қызметін үйлестіру және оқу-тәрбие үдерісіне ықпал ету мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі құрылды. Сынып жетекшілерінің бірлестігі мектеп психологымен және медицина қызметкерімен тығыз байланысты. Оқу жылында дәстүрлі түрде 4 әдістемелік бірлестік отырысы өткізіледі, оның мақсаты сынып жетекшілеріне педагогикалық шеберлікті арттыруға әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Оқу жылы ішінде сыныптан тыс іс-шаралардың, сынып сағаттарының өткізілуіне, оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы жұмыспен қамтылуына, оқушылардың күнделіктерінің жүргізілуіне бақылау жүргізіледі.

ӘБ тақырыбы:"Тәрбие қызметінің сапасын арттыру факторы ретінде сынып жетекшісінің кәсіби құзыреттілігін дамыту".

ӘБ жұмысының мақсаты: сынып жетекшілерінің шеберлігін арттыру арқылы тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.
ӘБ міндеттері:

- мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру және жетілдіру;
- сынып жетекшілеріне оқушылармен тәрбие жұмысында ақпараттық-әдістемелік және практикалық көмек көрсетуді ұйымдастыру, сынып жетекшілеріне тәрбие процесінің жаңа педагогикалық технологияларын меңгеруге көмектесу;
- сынып жетекшілерінің ғылыми-әдістемелік, инновациялық, тәжірибелік- педагогикалық қызметінде белсенділік қосу;
- педагогтердің ақпараттық мәдениетін дамыту және тәрбие жұмысында ақпараттық технологияларды пайдалану.

Оқу – тәрбие процесінің негізгі бағыттарының бірі оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыру, құқықтық білімді насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбие бойынша жұмыс ерекше бақылауда.

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес құрылды, оның отырыстары тоқсанына 1 рет және қажеттілігіне қарай өткізіледі. Бұл қиын жағдайларда "қиын" оқушылардың мінез-құлқын реттеуге көмектеседі. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым арасында оқушыларды тәрбиелеу мәселелерін қозғайтын педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңестерөткізді.

Мектеп психологы пен сынып жетекшісі тарапынан оқушыларға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісі мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Психолог пен сынып жетекшісі тарапынан оқушыларға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды..

Құқық бұзушылықтың алдын алудағы оң нәтижелердің міндетті шарты педагогикалық ұжымның оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастығы болып табылады. Мектепте оқушылардың отбасыларын зерттеу және олармен жеке жұмысты жоспарлау бойынша сүйемелдеу қызметінің белгілі бір тәжірибесі жинақталған. Анықталған проблемалар тәрбие жұмысының даму бағыттары мен перспективаларын және оқушылардың әлеуметтенуін анықтауға мүмкіндік береді. 2022-2023 оқу жылы барысында оқушылардың сабаққа қатысуына күнделікті бақылау жүргізіледі, олардың болмау себептері немесе кешігу себептері анықталады, ата-аналармен және сынып жетекшілерімен тығыз байланыс сақталады. Әр тоқсанның соңында сынып жетекшілері сабақты себепсіз босатудың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы толық есеп береді.

Алдын алу және үйлестіру жұмыстарының нәтижесінде 2022-2023 оқу жылы ішінде біздің мектептің бірде-бір оқушысы мектепшілік бақылауға алынған жоқ және заңға қайшы әрекет жасаған жоқ.

Рухани-адамгершілік тәрбие

Бұл бағытта нақты жұмыстар жүргізілуде. "Жер-біздің ортақ үйіміз", "Ізгілік жолымен жүреміз" сынып сағаттары, Қазан айында "Қамқорлық" акциясы өткізілді, оған мектеп оқушылары қатысып, қарт адамдар мен ҰОС қатысушыларына көмек көрсетті.

Әскери-патриоттық тәрбие

Патриоттық және интернационалдық тәрбие міндеттерін іске асыру үшін мектепте оқушыларды патриоттық тәрбиелеу жоспары әзірленді. "Қазақстан- мекің Отаным","Біз өз елімізді құрушылармыз " тақырыптары бойынша сынып сағаттары өткізілуде. Жоғары сыныптарда "Жас ұрпақ Қазақстандағы бейбітшілік үшін" сынып сағаттары өткізілуде.

СӨС қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысы

СӨС насихаттау аясында мектеп мұғалімдері ай сайын тақырыптық сынып сағаттарын өткізеді. 2022-2023 оқу жылы аралығында мектепте "Зиянды заттарды тұтынудың қауіптілігі", "Оқушылардың тиімді тамақтануы" және т.б. тақырыптарда сынып сағаттары өтті

Жыл сайын мектепте бұқаралық-спорттық жұмыстар ұйымдастырылады: Денсаулық күніне арналған спорттық жарыстар, Денсаулық фестивалі, күзгі кросс, футбол, волейбол, баскетбол мектеп бойынша сайыстар ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда мектепте оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін қажетті жағдайлар жасау өте маңызды, өйткені оқу сабақтарын өткізіп жіберудің басты себебі – денсаулық проблемалары-көбінесе оқушылар тыныс алу және жұқпалы ауруларға байланысты сабақтарды өткізіп жүреді.

Медициналық мониторингтердің нәтижелері бойынша әр түрлі факторларға байланысты оқушылардың денсаулығын жақсартуда оң динамика байқалады: педагогикалық ұжымның, СӨС мектеп бағдарламасы бойынша ата-аналардың жүйелі жұмысы, оның мақсаты оқушылардың денсаулығын жақсарту және сақтау, оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау, оқу-тәрбие процесінің әртүрлі іс-шаралары арқылы СӨС мәдениетін қалыптастыру: конкурстар, жарыстар өткізу; үйірме жұмыстарын (спорт секцияларын) ұйымдастыру.

Оқу жағдайларының санитарлық ережелер мен нормаларға сәйкестігін анықтайтын фактор мектептің жаңа оқу жылының басталуына дайындығын жыл сайынғы комиссиялық бағалау және айыппұл санкцияларының болмауы болып табылады.

Сыныптан тыс және бос уақытты өткізу

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың дене бітімін жетілдіру мақсатында мектеп оқушыларының үйірмелер мен секцияларға мектепішілік жұмысқа орналасуы ұйымдастырылды: спорттық-үстел теннисі (жетекшісі Быхылова Ю.С.), ұлттық ойын «Бес асық» (жетекшісі Быхылова Ю.С.), тоғызқұмалақ (жетекшісі Быхылова Ю.С.). IT сынып (жетекшісі Қылышбаев Р.Т.) үйірмелері құрылып, жұмыс істейді.

Жалпы, мектеп үйірмелері мен секцияларында қамтылған оқушылар саны 80% - ды құрайды. Барлық пәндік үйірмелер мен спорт секциялары кестеге сәйкес жұмыс істейді.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту

Қызылұйым НОМ 2022-2023 оқу жылы "Жас Ұлан" балалар ұйымы жұмысын жалғастырды, оның мақсаты жоғары патриоттық сезімі бар азаматты тәрбиелеу болып табылады, оған қойылған міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

* Қазақстанның мемлекеттілігі және өз Республикасының рәміздері туралы білімді қалыптастыру
* жеке тұлғаның жалпы шығармашылық ұмтылысын дамыту, жаңа мыңжылдықтағы іскер адамның қасиеттерін тәрбиелеу
* қоршаған әлемді эстетикалық, адамгершілік тәрбиелеу дағдыларын тәрбиелеу
* оқушылар мен мұғалімдер ұжымын біріктіру
* оқушыларды мектептің белсенді өзін-өзі басқаруына тарту
* СӨС насихаттау
* балалардың бос уақытын ұйымдастыру
* аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға қолдан келгенше көмек көрсету
* жұмысты БАҚ-та тұрақты көрсету

* балаларды олардың өмірін, оқуын ұйымдастыру, азаматтық сана-сезімді қалыптастыру, қоғамда әлеуметтену процесіне тарту.

Жыл сайын оқушылардың өзін-өзі басқару органдары Мектеп комитетінің активін, өзін-өзі басқару күнін, қарттар күніне арналған іс-шараларды, сыртқы келбетін тексеру, мектеп керек-жарақтарының болуы бойынша рейдтерді, жалпы мектепішілік іс-шараларды өткізеді

Әрбір бөлім оқушылардың жазғы демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың өз жобасын әзірлейді. Жыл сайын жазғы кезеңде оқушылардың демалысын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру 80% құрайды және құқық бұзушылықтар санының болмауы, бұл жазғы кезеңде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты нәтижесі болып табылады.

Психодиагностикалық және профилактикалық жұмыс.

Психодиагностикалық жұмыстың барлық түрлері оқушыға өз мүмкіндіктеріне сенуге көмектесуге, өзін-өзі тәрбиелеуге және мінездің жағымсыз көріністерін жеңуге деген ұмтылысын ынталандыруға бағытталған. Біздің мектепте нақты міндеттерді шешу кезінде алдын алу мақсатында тұлғалық даму диагностикасы жүргізіледі:

- балалардың даму деңгейін анықтау;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік сынып оқушыларының мектептегі

бейімсіздігінің себептерін анықтау, педконсилиумдарды, сыныптық-жалпылама бақылауды дайындау;

- қарым-қатынастың бұзылуының психологиялық себептерін анықтау;
- оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;
- кәсіби бағыттағы диагностика;
- ІСБ - мен байланысты психологиялық жүктемелерді анықтау;

Консультативтік жұмыс-оқыту, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері, құрдастарымен, ата-аналармен, мұғалімдермен өзара қарым- қатынас, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелері бойынша балаларға жеке және топтық консультациялар өткізу.

Мектеп психологы оқушыларға қабілеттерін, бейімділіктерін дамытуға көмектеседі, дамудағы ауытқуларды жеңу, балалардың мінез-құлқы мен тәрбиесінің бұзылуы бойынша жұмыс ұйымдастырады, олардың жеке өсуіне және кәсіби өзін-өзі анықтауға ықпал етеді. Оқушылармен жұмыстағы негізгі мәселелер дарынды балалармен, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру болып табылады.

Мектептің психологиялық қызметінің ата-аналармен жұмыс жасаудағы қызметі келесі формаларда ұсынылған:

1. Ата-аналар жиналысы-ата-аналармен танысу:

- әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың психологиялық ерекшеліктерімен;
- бірінші сынып оқушыларының, бесінші сынып оқушыларының, бейіндік 9,10 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінен өтуімен;

- ІСБ-мен және оқушылардың тұлғалық дамуы мен мінезінің қалыптасуымен байланысты қиындықтарды жеңу.

1. Әр түрлі мәселелер бойынша ата-аналарға жеке кеңес беру.
2. Бала тәрбиесімен байланысты өзекті мәселелер бойынша ата-аналарға арналған буклеттер, лекториялар шығару.
3. Балалармен тиімді қарым-қатынас бойынша семинарлар, тренингтер.
4. Психологиялық орталықтардың мамандарымен кездесулер.

Үш жылдағы салыстырмалы талдау мектептегі ІСБ ұйымдастыру және басқару жүйесі мектептің үдемелі дамуын және инновациялық даму деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мектепте тәрбие жұмысының жүйесі қалыптасты, тұлғаның рухани- адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінді, адамгершілік тәрбиесі мен руханиятты қалыптастыру бүкіл тәрбие процесінің өзегі болып анықталды. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктері мен сұраныстарын, қоршаған ортаның әлеуетін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басты назарда.

**5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі;**

**6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);**

2022-2023 оқу жылында мектебімізде 9-сынып оқушылары болмаса да 6-7 – сынып оқушылары үшін бейінді оқытуды іске асыру жұмыстары жүргізілді. Мұғалімі жоғары білімді Сейтжанова Айгүл Қуандыққызы 18 қарашада Астана қаласының Назарбаев университетінде өткен бейіндік оқытудың IX семинарына қатысып, өз білімін толықтырып, сертификат алды. Мектепте «Оқушыларға кәсіптік бағдар беру» бұрышы ұйымдастырылып, ақпараттармен толықтырылды.

**7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);**

**2022-2023** оқу жылдарында инклюзивті оқыту болған жоқ, себебі мектебімізде мүмкіндігі шектеулі оқушылар жоқ.

**8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

Барлық сыныптарда вариативті компонент сағаттары негізгі сабақ кестесіне кіргізіліп, оқытылды.

**2022 2023 оқу жылында** вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

| Сыныбы | Вариативті компонент | Тақырыбы |
|---|---|---|
| 6 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | *Парасаттылық және әдеп* |
| 7 | Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар | *Экология* |

**Зияткерлік олимпиадалар мен конкурсарға қатысу нәтижелері:**

**2022-2023 оқу жылы**

Оқушылар бірнеше жылдан бері облыстық, аудандық сайыстарға, аудандық пәнаралық олимпиадаларға белсене қатысып жүр. Алыска бармай-ақ, осы оқу жылында жеткен жетістіктерімізге тоқталсақ, 6-7 сынып оқушылары Жансерік пен Айғаным аудандық «Бала би» сайысынан I орын алып, облыстық кезеңде

жүлделі III орынды иеленді, аудандық пәнаралық олимпиадада 7-сынып оқушысы Айым биология пәнінен 3-орынды иеленді. «Ақмола жұлдыздары» көркемөнерпаздар байқауына бірнеше оқушылар, ұстаздар қатысып, 4 номер аудандық кезеңге және 1 номер облыстық кезеңге өтіп, Дипломмен марапатталды. «Баянғали оқуларынан» да жүлделі орындарымыз бар, «Ақбота» республикалық марафонынан бірнеше диплом, марапаттар алдық. Оқушылар «Зерде» ғылыми жобасына қатысып, әр тақырыпта зерттеу жұмыстарын қорғап, қатысқан 3 оқушы I, II, III орындарды иеленіп, 6-сынып оқушысы Кәдірбек Айғаным облыстық сайысқа жолдама алды. «Мың бала» сайысына да қатыстық, жылда ұйымдастырылатын «Екі жұлдыз» мұғалімдер арасындағы сайыста биыл Юлия мен Акерке әріптестеріміз өз өнерлерін көрсетіп II орынға ие болды, т.б. сайыстарға да белсене қатысуда. 6-сынып оқушысы аудандық балалар шығармашылық ұйымынан алғыс хатпен марапатталды.

Аудандық «Бес асық» ойынынан 6-7 сыныптардан 4 оқушы қатысып, III орынға ие болды.

Аудандық үстел теннисінен де мектептің оқушылары жақсы көрсеткіш көрсетті.

| Барлығы | Аудандық байқау жеңімпаздары саны | Облыстық байқау жеңімпаздарының саны | Республикалық, Халықалық байқау жеңімпаздарының саны |
|---|---|---|---|
| 11 | 8 | 3 - | - |

9) **"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын зерделеу.**

**2022-2023 оқу жылы** бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары I тоқсанға енгізілді.

| Сыныбы | Қыркүйек | Қазан | Қараша | желтоқсан | Қаңтар | Ақпан |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 13 | 25 | | 27 | 10 | |
| 2 | | 7 | | 9 | | 11 |
| 3 | 10 | 15 | 12 | | 21 | |
| 5 | 01,02,06 | 06,07, 11, 13 | | 20 | 17,19 | |
| 6 | 01,02,06 | 27,28 | 25, 29 | | 19,20,24 | |
| 9 | 06,09,13,13 | 29 | 08 | | 17,21,24 | |

10) **"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру;**

**2022-2023 оқу жылында** «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау

§1 25 тармак, §2 39 тармактарын басшылыкка алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармак, §2 48 тармағын басшылыкка алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. I,II,III тоқсанның актан айына дейінгі такырыбы сынып журналының жеке бетінде сабақтың такырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды:

1-класс – 13.09, 25.10, 27,12,

2-класс –20.09, 11.10, 15.11, 20.12, 24.01,

3-класс – 20.09, 29.11, 20.12, 24.01

5-класс – 08.09, 13.10, 10.11,29.12, 19.01,09.02

6-класс – 17.09, 29.10, 19.11, 3.12, 28.01, 11.02

**11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне койылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыкка арналған жүк құжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдарың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.**

Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының анализі мектептің қажетті оку-педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте ҚР мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізіледі. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек кітапшалары талапқа сай келеді, мектепте мамандар есебі жүргізіледі. Мұғалімдердің жеке істері, еңбек және санитарлық кітапшалары талаптарға сәйкес жинақталған . Педагогикалық ұжымның сапалық және сандық құрамның талдауы мектепте қажетті оку-педагогикалық потенциалдың барлығын көрсетеді, мектепте тұрақты ұжым құрылған.

Қазіргі кезде

**Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы**

| Оқу жылы | Барлық | Жоғары санатты | % | Бірінші санатты | % | Екінші санатты | % | % | Педагог сарапшы | % | Педагог модератор | % | педагог | % | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 4 | - | - | 1 | 7 | - | - | - | - | - | 2 | 50 | 1 | 0 | 75 |

Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан

жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің,педагог-модераторлардың,педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог шеберлердің үлесі 75%

**Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтардың сапалық құрамы**

| Оқу жылы | Барлық мұғалімдер | Жоғары | % | Бірінші | % | Екінші | % | Педагог сарапшы | % | Педагог модератор | % | педагог | % | Сапа |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 9 | 1 | 11 | - | - | | 13 | 3 | 33 | 2 | 22 | - | - | 66 |

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің,педагог-модераторлардың,педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог шеберлердің үлесі 66%

**Педагог кадрлардың біліктілік арттыру курстары мен қайта даярлаудан өткені туралы мағұлмат**

| Оқу жылы | Барлық педагогтар | базалық | Жаңартылған білім беру | Инклюзив | Цифрлық құзыреттілік |
|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | 13 | 3 | 3 | 1 | 13 |

**Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.**

Медициналық қызмет көрсетуге үшжақты (аудан әкімінің орынбасары, аудандық Білім бөлімінің басшысы және аудандық аурухананың бас дәрігері арасында) келісім 2022 жылы 22 маусымда берілген. Мерзімі- 30 маусым 2023 жылға дейін жарамды.(көшірмесі берілген)

Ауыл мейірбикесі – Алгожина Раушан Тулегенкызы білім алушыларды өз бақылауында ұстайды.

Көкшетау медициналық училищесін 1997 жылы «Медбике» мамандығы бойынша бітірген. Мамандығы бойынша медициналық біліктілігін арттыру курсынан өткен.

**Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.**

Мектепте 10 орынға арналған буфет бар, жалпы ауданы – 12 $м^2$.

Буфетте 2 үстел, 10 орындық, қол жуғыш, сұйық сабын, қоқыс салғыш орналастырылған. Буфетте «Ас адамның арқауы!» тақтасы, пайдалы ақпараттық стендтер мен дәрумендер түрі ілінген. Мектепте 10 жылдық өтілі

бар 1 аспазшы жұмыс істейді. Санитарлық кітапшсы талапқа сай, медициналық тексерістен уақытылы өткен. Жұмыс барысында халат, фартук, орамал, бетперде тағып, екінші аяқ киім киеді. Жұмыс барысында қолдарына арнайы резеңке бес саусақты қолғап киеді. Ауыстырып отыруға халат, фартук, орамалдары екі данадан бар. Буфет ішінде санитарлық талаптарды орындайды.

Тұрмыстық техникадан келесі тіркелді:

Үш камфоралы электр плитасы - 1 дана.

Тоңазытқыш (мұздатқыш камерасымен) - 1 дана

Тоқ шайнек ( термопот) -1 дана

Электрлі ет тартқыш -1 дана

Ас тарату столы-2 дана, тағы басқа буфетке қажетті құрал-жабдықтар бар.

*2022-2023* оқу жылы бойынша мектеп контингентін 16+4 оқушы құрап отыр және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 «Білім беру объектілеріне қойылған санитарлық – эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата – аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу» қағидаларын бекіту бұйрықтарын орындау негізінде жалпыға бірдей міндетті білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін тамақтануымен қамтамасыз етуде мектеп бойынша 1 сынып оқушылары ягни 3 оқушы тегін тамақтанып отыр.

Мектепте жыл сайын аудандық білім бөлімінің көмегімен жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 2021 жылы мектептің шатыры жабылып, айналасы шарбақпен қоршалды. Мектепте ішкі дәретханаларға жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2 унитаз қойылды.

Мектеп сынып бөлмелері, оқу кабинеттері қазіргі заманға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2020-2021 оқу жылында аудандық білім бөлімінің қаржысынан жалпы 9 дана бейнекамера орнатылды. Оның 4 бейнекамерасы ішкі және 5 бейнебақылауы сыртқы, мектеп ауласы үнемі бақылауда тұрады. Мектеп дәліздері, асхана, спорт залы, мектеп ауласы барлығы 9 дана камерамен бақыланып отырады. Қауіпсіздік шаралары аясында мектепте 3 күзетші қызмет атқарады және қауіпсіздік нүктесі де орнатылды.

Мектептің материалдық – техникалық базасы қанағаттанарлық. Мектептің ішкі, сыртқы санитарлық жағдайы, мектеп ауласының көгалдандырылуы талапқа сай. Мектеп ғимаратының іші-сырты, сынып бөлмелері, компьютер сыныбы т.б. санитарлық талапқа сәйкес жабдықталған.

Мектеп мұғалімдері, оқушылар және техникалық қызметкерлер техника және өрт қауіпсіздік ережелерімен толық таныстырылған.

**Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқу пәндері кабинеттерімен; интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен; оқу-зертханалық жабдықтармен жарақталуы.**

Барлық сынып-кабинеттерінің саны -6

1) Бастауыш сыныптарға арналған 2 сынып бар. 2,3-сыныпта дербес компьютер комплектісі және бейнепроектор, бейнепроектордың кенебі (видеополотно). 2 класс- кабинеті балаларға арналған жеке шкафтармен жабдықталған.
2) Информатика сыныбында 13 дербес компьютер комплекті (процессор, тышқан, монитор, пернетақта) 5 ноутбук, 5 дербес компьютерге арналған үстелдері, 2 оқушы партасы 6 орындық, мұғалім үстелі мен орындығы, жазу тақтасы мен қауіпсіздік ережесі және ақпараттық түсіндірме стендтерімен жабдықталған.
3) Қолданбалы еңбекке баулу шеберханасы бар және ағаш жонуға арналған 1 дана станок, қауіпсіздік ережесі, ақпараттық түсіндірме стенді 3 дана оқушы партасы, 6 орындық, жазу тақтасымен жабдықталған және электрлі тігін машинасы бар.
4) Мектепалды даярлық сыныбы 4 дана оқушы партасы, 8 дана орындық, мұғалім үстелімен орындығы, ақпараттық стендтер («Сынып бұрышы», «Денсаулық бұрышы», «Рухани жаңғыруға» арналған 2 дана стенд т.б. нәрселермен жабдықталған.
5) Дене шынықтыру залы (59,9 $м^2$) волейбол, баскетбол сеткалары, 2 дана шаңғы, 2 дана волейбол добы, 2 дана футбол, 2 дана баскетбол доптары, тоғызқұмалақ -4 дана, шашки-шахмат-5 дана, теннис үстелі-2, сетка, 2 дана ракетка,теннис шары -10, гимнастикалық скамейка-1 дана , скакалка- 10 дана, төсеніш (мата) -3 , кіші ағаш ат-1, спорттық брусь -1 бірнеше кубокпен жабдықталған.

Кітапханада: Кітап қоры- 1643 дана, оның ішінде жаңа буын оқулықтары- 546, көркем әдебиет саны-976 ,электронды оқулықтар-36 дана, оқырмандар саны-65, кітапхана көлемі 14кв. м.

**14. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

**1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;**

**2022-2023** оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативтік, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4 сынып 26. 6-сыныпта – 28.5 сағаттан, 7-сыныпта – 31.5 сағаттан асқан жоқ. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар толығымен орындалды.

**2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын** оқу жүктемесінің жалпы көлемінің,сонлай-ақ **ЖББ ҮОЖ**-мен белгіленген **сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;**

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді. Апталық оқу жүктемесі ҮОЖ-да (инвариантты және вариативті компоненттер) анықталған оқу жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды:

| Оқу жылы | Компонент | 1 | 2 | 3 | 4 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 | Инвариантты | 18,5 | 23 | 25 | 25 | 28 | 31 |
| | Вариативтік | 1 | 1 | 1 | 1 | 0.5 | 0.5 |
| | **Барлығы** | **19,5** | **24** | **26** | **26** | **28.5** | **31.5** |

**3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.**

Мектепте инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар оқыған жоқ.

**15. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1) **ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы** (және оқу пәндеріне) **бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал** қоса беріледі);

1-7 сыныптарда оқу процесі жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Әр пән бойынша ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілген және ұзақ мерзімді жоспарда **күтілетін нәтижелер** оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

**2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;**

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» талаптары сақталды. Үй тапсырмасының уақыты әр сыныпқа белгіленген уақыттан асып кеткен жоқ.

**3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес** білім алушылардың **оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру** мен **қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;**

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысанында жүзеге асырылды. Бағалау нақты бөлім/ортақ тақырып бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін қадағалау негізінде әрбір оқу пәні бойынша оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары жүйесіне сәйкес жүзеге асырылды. Білім алушылардың білімнің міндетті төменгі шекті көлемі мен олардың шеберлігі мен дағдылары қамтылған оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын жаңартылған бағдарламамен оқитын барлық сыныптарда бөлім бойынша жиынтық бағалаулар және тоқсандық жиынтық бағалаулар жүргізілгендігін растайтын материалдар бар, арнайы папкаға жинақталған.

Тексеру кезінде бөлім, тоқсандық бойынша жиынтық бағалау алынып, тексеріліп, электронды журналға баллдары қойылған. Бағалау критерийі мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрикаторлармен ата-аналардың танысқандығы жөнінде қолдары қойылған. Модерация хаттамалары жинақ папкаларында жасақталған. Мұғалімдердің БЖБ, ТЖБ өткізу жоспары құрылған. Мектеп директорымен бекітілген модерация отырысының мүшелер тізімі жасалған.

Тоқсандық және бөлім бойынша жиынтық бағалаудағы баллдарды қою критерийі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес, мұғалімдерінің жоспарлары жасалып, сол жоспар бойынша бөлім бойынша, тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстары жүргізілді.

Мектепте ағымдық бағалаудың, тоқсандық және жылдық бағалардың бар болуы «Kundelik. kz» электронды журналы арқылы зерделенді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының (Білім және ғылым министрінің 21.10.2020 № 453) 3-тарау 12 тармағы «Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативтік және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады»,13-тармағы «Формативтік бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі.» делінген.

1-сынып оқушыларының оқу жетістіктері "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығының 14 – тармағына сәйкес бағаланған жоқ.

2,3,4-сынып бойынша барлық тоқсан бойынша БЖБ,ТЖБ қорытындылары қойылған,талапқа сай.

6-сынып бойынша талапқа сай.

7-сынып бойынша талапқа сай.

**4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау:**

Инклюзивті білім беруді дамытуды әдіснамалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды көздейді: -

- - жалпы білім беру процесіне ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялықпедагогикалық қолдауды ұйымдастыру, мүмкіндіктері шектеулі балаларды кіріктіре оқыту және инклюзивті білім беру негіздерін әдіснамалық және оқу әдістемелік әзірлеу;
- - ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың (оқу процесін ұйымдастыру жағдайларына қойылатын талаптар, базалық пәндер және оқыту пәнінің нәтижелері бойынша дағдылар, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар) оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын бейімдеу;
- - инклюзивті білім беру жағдайында оқушының оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды жүйесін бейімдеу, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту нәтижелерін бағалау және мониторингілеу жүйесін әзірлеу,
- - үйде оқыту сапасын бағалау жүйесін әзірлеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту жағдайларына жоғары және кәсіптік, техникалық білім беру бағдарламаларын және үлгілік оқу жоспарларын бейімдеу. 2022 – 2023 оқу жылы ерекше оқытуды қажет ететін оқушылар болған жоқ

**5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).**

**16. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

**2022-2023 оқу жылында** барлықталаптар сақталған

2) сыныптар **бойынша оқу жылының ұзақтығына және** оқу **жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын** талаптарды **сақтау**.

**2022-2023 оқу жылында** каникул кезеңдері

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030

болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022 - 2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022 - 2023 оқу жылының басталуы - 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 36 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

**Мектеп директоры:** **Ерубаева А.Қ.**
**Комиссия мүшелері:** **Дюсембекова А.**
**Балгужина С.М.**
**Нұржасаров Қ.Ш.**
**Естаев Т.Т.**